



«BEELINE» - нiң АЙМАҚТЫҚ ОФИСІ ӨСКЕМЕН ҚАЛАСЫНДА АШЫЛДЫ



қан офистің көгілдір лентасын Өскемен қаласының әкімі А. М. Быстров пен қаламызда ашылып отырған Beeline/K - Mobile офисінің басқарушысы Миржан Ахметжанов қиды.

Осы күні журналистермен баспасөз мәслихатын өткізген Қазақстандағы ұялы байланыс операторы «КаР - Тел» ЖШС-мен бірлесіп иелік етуші «ВымпелКом» ашық акционерлік қоғамының өкілдері Дмитрий Кромский, Светлана Вьюшина, «КаР - Тел» ЖШС-нің PR - менеджері Зухра Сұлтанова және Өскемендегі аймақтық офистің басқарушысы Миржан Ахметжанов компанияның соңғы жылдардағы жетістіктерімен таныстырды.

Ресейлік «ВымпелКом» компаниясының құрамына Ресей, Қазақстан елдеріндегі және жуырда пайда болған Украина, Тәжікстан, Өзбекстандағы ұялы байланыс қызметін көрсететін ұялы байланыс операторлары енеді.

Бүгінде ұялы байланыс компанияларының арасында бәсекелестік күшейген. Бұл абоненттер үшін әрине жақсы. Өйткені мұндай жағдайда операторлар абоненттеріне тиімді маркетингтік ұсыныстар жасауға, неғұрлым жақсы сервис ұсынуға, біртіндеп тарифтерін төмендетуге тырысады.

«ВымпелКом» компаниясының тарифтік саясаты, жалпы компания саясаты

ең алдымен қарапайым да көпшіліктің қолы жететін барлық категорияны іс жүзінде дәлелдеуге бағытталған. Бүгінде «ВымпелКом» компаниясы ең алғаш секундтық тариф енгізген Қазақстандағы жалғыз компания. Яғни, абоненттер тек сөйлескен уақыты үшін ғана ақы төлейді.

- Өніміміздің тағы бір ерекшелігі - «Сүйікті нөмір», - дейді Светлана Вьюшина. - Кез келген адамның сүйіктісі, жақын достары, жиі сөйлесетін туған-туысы болады. Соған байланысты Beeline абоненттері қажетіне қарай бірден беске дейін «сүйікті нөмірін» қоса алады. «Сүйікті нөмірге» телефон шалу өзгелерге қарағанда екі есе арзанға түседі. «Сүйікті нөмір» ретінде Beeline, K-Mobile, Excess нөмірлерін алуға болады. Тағы бір қуанышты жаңалық - бірінші наурыздан бастап «сүйікті нөмірді» тек Beeline ғана емес K-Mobile абоненттері де қоса алады. Бұл біздің компанияның абоненттерге ұсынатын қызметтерін түрлендірудегі тағы бір қадамы.

Енді бір тиімді артықшылығы - картаның күші шектелмейді. Яғни төлем карталарының жарамдылық мерзімі шектеусіз. Маңызды шаруа жайлы сөйлесу кезінде картаның күйіп қалатын жағдайлары абоненттерге белгілі. Мұндай қолайсыздықтар бізде жоқ.

Компания өкілдерінің айтуынша, алға қойған мақсаттары ауқымды. Соның бірі - жақын арада абоненттерге тиімді жаңа тарифтік ұсыныстар енгізу. Әлеуетті және

нақты абоненттерді қызықтыратын бұл жаңалықтармен алдағы уақыттағы жарнамаларынан танысуға болады.

«КаР - Тел» ЖШС-нің PR - менеджері Зухра Сұлтанова айтқандай, қазіргі уақытта «Красивые номера» акциясы жалғасуда. Акцияға қатысушыларға «Қола нөмірлер» сыйға тартылады да абонент қосылуға тек 800 теңге төлейді. Бұған дейін ол нөмір 3000 теңге болған. «Қола нөмір» дегеніміз не? Ұялы байланыс операторлары арасында нөмірлер «Алтын нөмір», «Күміс нөмір», «Қола нөмір» болып дәрежеленеді. «Қола нөмірлердің» соңғы төрт саны айрықша, есте қаларлық болады (мысалы, 7575). Сондықтан тілек білдірушілер «Телефон нөмірін таңдау» қызметін пайдалану арқылы, арнайы тізімнен таңдаған нөміріне қосыла алады. Таңдаулы нөмірлер тізімімен «КаР - Тел» ЖШС-нің аймақтық офистерінен танысуға болады.

«КаР - Тел» ЖШС-нің аймақтық офистері республикамыздың 12 қаласында ашылған. Бүгінде Beeline абоненттері екі миллион адамды құрайды. Ұялы байланыс Шығыс Қазақстан облысының Өскемен, Семей, Риддер, Зырян, Шемонаиха, Курчатова, Аягөз қалаларының аумағына жақын орналасқан Аблакетка, Меновное, Молодежный, Согра, Степное, Мирный, Октябрьский, Красин, Жыланды, Опытное поле, Винное, Metallург, Донское, Прапорщиково, Глубокое, Первомайский, Усть-Таловка, Таврия, Шулбинск, Бобровка, Белоусовка, Қарауыл, Шар, Асубұлақ елді

мекендерінде және «Көгілдір бұғаз» демалыс үйінің аумағында бар.

Салтанатты түрде ашылған офистегі маман қызметкерлер тұтынушыларға қызмет көрсетуін бастап та кетті. Ашылғаннан бастап жеті күн ішінде абоненттердің қосылуына 20 пайыздық жеңілдік жарияланды.

Жаңа офистің ашылу құрметіне жиналған қала тұрғындары арасында түрлі байқаулар мен викториналар ұйымдастырылып, тапқыр жеңімпаздарға Beeline-нің сыйлықтары табыс етілді.

Аймақтық офистің ашылу салтанатында сөз алған офис басшысы Миржан Ахметжанов үстіміздегі жылы Өскемен - Алматы тас жолына жақын орналасқан Күршім, Үржар, Мақаншы, Катонқарағай, Көкпекті, Бородулиха, Шұлбі, Жезкент, Новопокровка, Үлкен Владимировка, Семёновка ауылдарындағы елді мекендерді ұялы байланыспен қамтамасыз ету жоспарланып отырғандығын айтты.

«ВымпелКом» компаниясының өкілі Дмитрий Кромский айтып өткендей, бүгінгі таңда компанияның алдында тұрған басты міндет - республика бойынша ұялы байланыспен қамтылуын кеңейту, байланыс сапасын жақсарту жұмыстарын жүргізу. Бұл жөнінде Д. Кромский: «Біздің байланыс жеткілікті дәрежеде сапалы. Дегенмен одан өрі жетілдіре түсу жолында жұмыстар жүргіземіз. Жалпы рынок абоненттері мен корпоративтік тұтынушылар үшін тиімді маркетингтік ұсыныстар жасаймыз», - деді.

- Бәсекелестікті, қызметтер сервисін күшейту арқылы біз өзімізге қалыпты жағдай қалыптастырамыз. Осыдан екі сағат бұрын Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің жыл сайынғы бүкіл қазақстандықтарға арнаған Жолдауында айтып өткендей, Қазақстан дамуының басты шарты - бәсекелестікке қабілетті нарықтық экономика, - деген қала әкімі А. М. Быстров «ВымпелКом» компаниясының қызметіне табыс тіледі.

Айжанат БАҚЫТҚЫЗЫ

Көктемнің алғашқы күні Өскемен қаласында «КаР - Тел» ЖШС-нің қызмет көрсету және сату офисі салтанатты түрде ашылды. Орджоникидзе көшесінің бойында орналас-